

Орман М.М., Байгутова А.М., Жаппаркулова А.А.

**КАЗАК БААТЫР ЭПОСТОРУНДА БААТЫРДЫН КЕРЕМЕТ ТӨРӨЛҮШҮ
МЕНЕН БАЙЛАНЫШКАН КААДА-САЛТТАРДЫН, ИШЕНИМДЕРДИН ЖАНА
ЫРЫМ-ЖЫРЫМДАРДЫН ЖАНРДЫК ФУНКЦИЯСЫ**

Орман М.М., Байгутова А.М., Жаппаркулова А.А.

**ЖАНРОВАЯ ФУНКЦИЯ ВЕРОВАНИЙ И РИТУАЛЬНЫХ
ТРАДИЦИЙ, СВЯЗАННЫХ С ЧУДЕСНЫМ РОЖДЕНИЕМ ГЕРОЯ
В КАЗАХСКИХ ГЕРОИЧЕСКИХ ЭПОСАХ**

M. Orman A. Baigutova, A. Zhapparkulova

**GENRE FUNCTION OF BELIEFS AND RITUAL
TRADITIONS ASSOCIATED WITH THE MIRACULOUS BIRTH
OF THE HERO IN THE KAZAKH HEROIC EPICS**

УДК: 801.5:37.011.81.02 (574)

Бул макалада баатыр эпостордун, ишенимдердин жана ырым-жырымдардын баатырдын керемет төрөлүшү менен байланышкан жанр өзгөчөлүктөрү каралат. Алардын жанрдагы ролу талданат. Баатырдык эпос жомокторго салыштырмалуу баатырдын төрөлүшүн өзгөчө сүрөттөйт. Башкы каарман каармандын өзгөчө мүнөзүн көрсөтүү үчүн адаттан тыш түрдө сүрөттөлөт. Этикалык баатырдын керемет төрөлүшү баатыр эпостордун негизги өзгөчөлүгү деп эсептелет. Керемет төрөлүүнүн мотивинде элдин этникалык өзгөчөлүгү, ар кандай сыйынуу жана ырым-жырым салттары чагылдырылган. Алардын жанрдык мүнөзү макаланын негизги темасы. Бул тема эпостун көркөм-поэтикалык жсагына байланыштуу. Макала ата-бабалардын күчүнө ишенүү, тиленүү, Курмандык чалуу, баланын тактооч, жаман көзгө ишенүү, андан коргонуу жана баикалар сыяктуу ишенимдердин, ырым-жырымдардын ролун ачууга багытталган.

Негизги сөздөр: ишеним, каада-салттар, жанрдык өзгөчөлүктөр, керемет төрөлүү, баланы алдоо, курмандык, жерик, жаман көз.

В данной статье рассматриваются жанровые особенности героических эпосов, верований и ритуальных традиций, связанных с чудесным рождением героя. Анализируются их роль в жанре. Героический эпос по-особенному описывает рождение героя по сравнению со сказками. Главный герой изображается необычным образом, чтобы показать неповторимый характер героя. Чудесное рождение эпического героя считается главной чертой героических эпосов. В мотиве чудесного рождения отражается этническая особенность народа, различные культовые и ритуальные традиции. Их жанровый характер - главная тема статьи. Эта тема связана с художественно-поэтическим аспектом эпоса. Статья направлена на раскрытие роли верований, ритуалов, таких как вера в силу предка, молитва, жертвоприношение, наречение ребенка, поверья в глаза, защита от него и др. Они рассматриваются в связи с особым рождением героя.

Ключевые слова: верование, ритуальные традиции, жанровая специфика, чудесное рождение, вымаливание ребенка, жертвоприношение, жерик, глаза.

This article examines the genre features of heroic epics, beliefs and ritual traditions associated with the miraculous birth of the hero. Their role in the genre is analyzed. The heroic epics describes the birth of the hero in a special way in comparison with fairy tales. The main character is portrayed in an unusual way to show the unique features of the hero. The miraculous birth of an

epic hero is considered the main feature of heroic epics. In the motive of the miraculous birth the ethnic peculiarity of the people reflected, as well as various iconic and ritual traditions. Their genre character is the main topic of the article. This topic is associated with the artistic and poetic aspect of the epics. The article is aimed at revealing the role of beliefs, rituals, such as belief in the power of an ancestor, prayer, sacrifice, naming a child, superstition in the evil eye, protection from it and etc., They are considered in relation with the special birth of the hero.

Key words: belief, ritual traditions, genre features, miraculous birth, begging for a child, sacrifice, zherik, evil eye.

Адамзат баласының туғаннан өлгенге дейінгі өмір тіршілігі фольклорлық шығармаларға арқау болған. Оларда баян етілген халықтың тарихы, мәдениеті, ғұрып-салты т.б. шығарманың бүкіл болмысымен біте қайнасып кеткен. «... в дальнейшем нужно сосредоточить на прослеживании тесной связи основного состава эпоса и историей киргизского народа, с его бытом, нравами, судьбой... обычай чествования рождения ребенка, обычай левирата, сватовства, обычай дружбы и расторжения дружбы, обычай поминок – все это народные обычаи» [1, 203-б.] деп өткен ғасырдың ортасында ғалымдардың зерттеулерінде айтылып кеткен. Халық талғамының сүзгісінен өткен тұрмыс тіршіліктің, салт - сананың ауыз әдебиетінде бейнеленген көрінісі сан алуан формалы прозалық, поэзиялық туындыларының ішкі шарттарына тікелей байланысты.

Ішкі шарттары деп отырғанымыз туындының жанрлық ерекшеліктеріне негізделеді. Ал жанр категориясына байланысты ғылымдағы тұжырымдарға жүгінер болсақ, С.Қасқабасов жанрдың, мейлі ол әдебиет жанры болсын, мейлі фольклорлық жанр болсын оның бір тұрғыдан жан - жақты, бір жағынан нақты категория екендігін айтқан. Жан - жақты дейтініміз, онда әртүрлі шығармаларға, түрлі дәстүрлерге, мектептер мен ағымдарға тән бейнелеудің алуан түрлі амалдары мен әдістері болады. Нақты болатын себебі, фольклорлық шығарма болса да, әдебиет шығармасы болсын бір жанрдың аясында туындап өмір сүреді дейді. Әрбір жанрдың өзіндік ерекшеліктері

мен заңдылықтары бар деген тұжырым жасайды. [2, 435-450-бб.] Яғни, қандай жанр болмасын, оны өзге жанрлардан ерекшелейтін өзіндік белгілері болады деген сөз. Жанрлар арасындағы айырым белгі көзге ұрып көріне бермейтін мардымсыз болуы да мүмкін. Тек оны тани білу керек.

Жанрға қатыстының бәрін тарихи тұрғыда, ел өмірімен тығыз сабақтастықта қарастыру қажет. «Түрлі тарихи дәуірлерді, мыңдаған жылдық дамуды бастан кешірген эпостық жырларда наным - сенім, әдет - ғұрып, мифтік, аңыздық түсініктер, тұрмыс тіршілік, тарихи оқиғалар, саяси - әлеуметтік жағдайлар өзара тұтастықта көрінеді. Әрі осы бір ұғымдар тарихи дамудың өн бойында өзгеріп отырады. Демек, тарихилық бүтін шығармаға ғана емес, оның ішкі құрамдас бөліктеріне, сюжеттік, композициялық бітіміне, образдар жүйесіне, көркемдік өрнегі мен тәсілдеріне де қатысты ...» [3, 243-б.] Ендеше жанрлық түрлердегі тұрмыс - салт көріністерінің көріну ерекшеліктерін де осы тұрғыда қарастырудың қажеттілігі туады.

Ерте замандардағы халық өмірінен, тұрмыс – тіршілігінен хабар берген наным - түсініктері мен мифтік сенімдері бастапқыда көркемдік қызметте емес, салттық дүниетанымда қалыптасқандығын еске алсақ, одан бергі замандардағы адам тұрмысының күрделеніп, шаруашылықтың дамуына байланысты адам баласының жаратылыстың тылсым күштерімен қақтығысуы жиілеп, соның салдарынан табиғатты түсініксіз, адам санасы жетпейтін ғажайып күштерге толы әлем деп есептей бастайды.

Фольклордағы екі дүниенің арасында зиянкестік тасып жүреді деген мифтік сананың түсінігіндегі жын - перілерді қайтарып, адамда болатын қасиеттерді балаған антропоморфты рухтандырылған аруақ, пірлерді шақырып, алақанымен от қарып, қарнына қанжар салып алып, көпшіліктің алдында ерекше құбылып, әртүрлі күрделі қимылдарды жасайтын бақсылардың әрекеті емдеу қызметінен асып түсіп, келе - келе санадағы қорқынышты жеңетін, тұрмыс - тіршіліктегі дау - дамайды тоқтататын, қырғын соғыстарға тойтарыс беретін ең батыр, құдіретті адамның бейнесінде қабылданып, бүкіл жамандық атаулының бетін қайтаратын адамның қаһармандық сипатын тудырған [4, 8-б.].

Қаһармандық жырлардағы негізгі кейіпкерлердің дүниеге келуінен бастап, барлық іс – әрекетінің тектен-тек айтыла салмайтыны да сондықтан. Тіпті батыр туылмай тұрып, дүниеге жай адам келмесінен хабар беретін жағдайлар жырда айтыла бастайды. Батырды перзентсіздік зарын әбден тартқан ата – ананың, ел аралап, жер аралап, әулие - әнбиелердің басына түнеп, көптеген қиыншылықтар көріп, бар дүние - мүлкін сарп етіп, аруақтарға арнап құрбандық

шалып, ұзақ киналып жүріп табуының өзі батырлық жырлардың өзіндік ерекшелігіне тән жырлануы болып табылады. «Потому и приход его в жизнь, обстоятельству его рождения должны быть необычными. И здесь используется известный архаический мотив чудесного рождения... В итоге мотив чудесного рождения в эпосе трансформируется в мотив рождения героя в необыкновенных, порой драматических обстоятельствах» [5, 386-б.]. Батырға жүктелетін міндет үлкен болғандықтан, оның дүниеге келу, өмір есігін ашу процестері басқалардан ерекше болуы керек.

Кейіпкерінің ғажайып түрде дүниеге келуі сарынынан халқымыздың өзіндік этникалық ерекшелігі, түрлі культтік, рәсімдік дәстүрлері көрініс тапқан. Жалпы эпос кейіпкерлерінің әулие - әнбие, қасиетті рухтар т.б. ерен күш иелерінің рақымы түсуі арқасында ерекше жаратылу эпизодтары басқа да фольклорлық жанрларға ортақ сюжет.

Кейіпкердің тууын өлген адамның қайта оралуы деген түсініктерден шыққан мотивтің түрлері казак фольклорында бар. Бұл сарындардың негізінде халқымыздың дүниетанымындағы түрлі діни наным-сенімдер жатыр. Қазақтардың байырғы түсінігі бойынша туу процесін өліктің қайта оралуы ретінде қабылдамағанымен, оның кейбір қалдықтары фольклорымыздағы ғажайып туу мотивінде сақталған. Оған перзентсіз ата - ананың қайтыс болып ата-бабалардың аруағына сыйыну сарыны осындай культтің болғандығын анық көрсетіп отыр.

Мәселен, тотем бабаның әсерімен, әулие-әнбиелердің көмегімен немесе әкесі үйде жоқта туылуы, төтенше жағдайда дүниеге келу деген сияқты түрлерге бөледі. Кейіпкердің ғажайып түрде дүниеге келу мотивін жіктеудегі бұл принцип фольклордағы тотемдік, шамандық, мұсылмандық культтердің әсерінің негізінде, яғни көне наным - сенімдердің фольклордағы қалдығына сүйене отырып жасалған. В.Я. Пропптың жүйелеуінде де бұл мотивтің дамуына жер шаруашылығына байланысты сенімдердің және ата-бабалар аруағына табыну мен салттық рәсімдердің себепші болғандығы көрсетілген [3, 23-б.].

Біз салттық рәсімдердің қалыптасып, өзгеру жолдарын анықтауды міндетімізге жүктемейтіндіктен, бірден оларды жырдағы бар қалпында талдауға көшеміз.

Кейіпкердің ғажайып тууына байланысты оқиғалар ретін қарастыра болсақ, баланың туылуынан арнайы хабар, аян берілетіндігін білеміз:

... Атса, мылтық өтпейді,
Шапса, қылыш кеспейді,
Қалмақтармен болар қас [6, 159-б.].

Адамзат баласы жаратылыстың санада қорқыныш ұялататын түсініксіз құпия күштерінен, құбы-

лыстарынан корғанудың амалын іздеп, үлкен құдірет иесінің бейнесін қиялдан туғызған. Ал ерекше қасиетке ие адам өзінің айрықша жаратылысымен, бүкіл болмысымен даралануы қажет. «Бөген батырда» таң сәриде келіп Жанай шалдан жөн сұраған басында ақ сәлдесі бар бір адам берген батасында дүниеге келер жанның бейнесін ешбір теңеусіз - ақ, «құдай күші болмаса, адамның күші жетпейтін, бір перзентті бергенім» [7, 273-б.] деп сипаттайды.

«Ер Сайын» жырындағы Бозмұнайдың таң ата көрген түсінде аяншы алдымен «не тілегің бар?» - деп сұрап алып, қалаған тілегін орындайды.

Мен алмаймын көбінді,
Маңызы жоқ шөбінді.
Берсең, маған қалап бер!
Мың кісіге балап бер!
Өмір жасын ұзақ қып,

Асқар таудай талап бер!» деп Бозмұнай талабы таудай бала беруін, ал қасиетсіз бала берсе, алмайтындығын айтып талап қояды. Бұл - дүниеге міндетті түрде ержүрек батырдың, ерекше қабілет иесінің келетініне кепілдік беріп тұрған жағдай. Сонда пірі:

«Өзге жұрттың тілегін
Ол секілді бермеген,
Оның көрген қызығын
Еш пәндесі көрмеген...
Сансыз дұшпан батпаған,
Бет алдынан қайтпаған,
Бабасына сыйынса,
Дұшпаннан ағат сақтаған;
Жұрттың сөзін сөйлеген
Ұлттың жауын көздеген

Батыр Сайын болсын, - деди [8, 90-91-бб.].

Жыр жолдарын оқып отырып, жебеуші пірінің дүниеге келер баланың есімін де өзі қойып бергендігіне куә боламыз. Мұндай перзентсіз ата - ананың әулие - әнбиелердің аруақтарына сыйынуы, олардың балалы болары түс арқылы аян берілуі сияқты түрлі тұрмыс салттық сипаты бар әдеттердің фольклордың қиял - ғажайып ертегі, батырлық ертегі сияқты прозалық жанрларында да кездестіндігін білеміз.

Мысалы «Шора батыр» жырындағы Құдайдан бір перзент сұрап әулиелердің қабіріне барып зиярат етуге ұзақ сапарға шыққан Нәрікбай мен Құлқаныстың жағдайы анағұрлым кең суреттеледі. «Қолдағайсың, пірім, - деп Баһауитдин, Мұхамет!», күндіз тыныштық көрмеді, түнде ұйқысы келмеді, ойын-күлкі жыртаңға көңілдерін бөлмеді» [9, 230-б.]. Яғни, сыйынушылар құлшылық жасаудың барлық жоралғыларын мүлтіксіз орындауды көздейді. Бар ынта - шынтасымен бүкіл көңілін сол мақсатқа аударып, дүниенің барлық құмарлық, қызығынан бас тартқандығы баяндалады.

Әзірет Сұлтан, Түркістандағы Түмен бапка, Сайрамның сансыз бабына, ақыр соңында Арыстан бапка барып түнегендері тізбеленіп айтылып, сонда да Жүрсе де жылап, зарланып, иген жоқ әлі жаратқан» делінеді. Одан кейін бастарынан өткен қиын жағдайлар біраз жырланып, яғни, күндіз, түні бала тілеп, ұзақ жүріп, бір бұлақтың басына келгендігі айтылады. Су ішейін десе, Құлқаныстың етегінен шеңгел тартып жібермейді. Құлқаныс осыған іші жылып, осы жерде қонбаққа ниеттенсе, Нәрікбай бұған көнбей, шеңгелдің қасиетіне сенбей, ол жерде түнеуге қарсылық білдіріп, әрі қарай жүре береді. Біраздан соң алға басқан аяғы кері кетіп, аяғы талып, сол маңнан ұзай алмай, ұйықтап қалады. Сөйтсе Құлқанысты жібермей тұрған шеңгел және Нәрікбайды тұсаған нәрсе Баба Түкті Шашты Әзіз екен.

Саһар уақыты болғанда,
Көк есегі астында,
Ақ сәлдесі басында,
Бар екен аса қолында,
Қаландарлар зіркілдеп,
Зікір салған соңында,
Бір диуана келеді [9, 215-217-бб.].

Елдің басынан кешкен қыруар соғыстар мен шапқыншылықтардың нәтижесінде халқынан көп айрылғандықтан, ұрпақ мәселесі бабаларымыздың ең бір жанына батқан кеселі болғаны тарихтан белгілі. «Ру билігімен түзілген, көшпелі халықтардың ұғымында шаңырақты ұстап қалып, мұраға мирастық ететін ұл болуы басты шарт... Баласыз адамның өмірі үзіледі, аты өшеді, руының, елінің өсуі тоқталады, жоғалады. Ел қорғаны да ер бала және жай бала емес, батыр бала, қаһарман бала. Халық ұғымында ертеден келе жатқан осы мотив ол жасаған рухани мұрада тым ертеден тұрақты орын алған» [10, 165-б.].

Жоғарыдағы «Жұрттың сөзін сөйлеген, ұлттың жауын көздеген» деген жыр жолдары сол жаудан қорғар ержүрек ұланның дүниеге келетініне халықтың санасын жеңдіреді. Батырлардың үнемі жалғызлікті болып суреттелуі жанрдың әсірелеушілік қасиетінің аясынан да асып түсіп, көп адамнан құралған күштің орнын бір батырдың ерлігімен толтыруды көкसेген халық арманы көрінеді. Бір балаға зар болу сарынының болуы батырлық жырдың жанрлық ерекшелігін айғақтайтын белгілерінің бірі. Оны көрсету үшін әулиелердің құдіретіне деген сенім, ата - баба аруағына сыйыну, құрмалдықтар жасау сияқты халықтың дүниетанымындағы наным - сенімдер мен тұрмысындағы әдет - ғұрыптар қолданылған. Жырдың бас кейіпкерінің тууын жай суреттемей, осындай наным сенімдерді, әдеттерді қолдану халық идеясын дәріптеу мақсатынан пайда болған. Оны жыр кейіпкерінің келешекте елден ерекше болатынынан дерек беретін арнайы пайдаланылған элементтер деп білуіміз қажет.

Батырлык жырлардагы баланың дүниеге келетінін хабарлайтын әулиенің бейнесін жырдың соңына дейін кездестіріп отырамыз. «Қаһармандық эпосқа келгенде ол функциясын әлдеқайда кеңейткен. Жәрдемшіден адамның керемет болып тууына, оның ары қарайғы тағдырына әсер ете алатын мұсылман әулиесіне айналған» [11, 229-б.]. Жалпы аруақ пен ақсақалдың көмегін қазақ фольклорында көбіне қаһармандық жырлардың басты кейіпкерінің жанынан кездестіреміз. Ондай образ бен оның қызметі басқа ауыз әдебиеті шығармаларында дәл батырлық жырдағыдай ерекше жырланбаған. В.М. Жирмунский бұл туралы «Алпамысқа» айтқан: «Родители будущего героя совершают паломничество на могилу почитаемого мусульманского святого «чудотворца» ... ночуют на его мазаре. Обычно во сне им является старец, предвещающий исполнение их заветного желания; в дальнейшем этот старец становится покровителем, чудесным помощником рожденного по его представлению богатыря [12, 169-б.].

Сонымен, эпос қаһармандарының дүниеге келуінің ерекше суреттелуінде халықтың көне түсінігіндегі наным - сенімдер қолданылғандығын, бірақ олардың көне түрінің, яғни, мағынасының өзгеше сипат ала бастағандығын көреміз. Кейіпкер адамдардың некеге тұруы нәтижесінде, яғни табиғи жолмен туылады. Бірақ шешесінің батырға жүкті болуына қасиетті күштер көмектеседі. Яғни, көне эпос пен батырлық жырдың жағдайы ертегіден басқашалау екендігін аңғарамыз. Бұл жөнінде Ш. Ыбыраев: «Эпос поэтикасы батырдың керемет тууын қажет етеді. Әрі бұл мотив батырдың айрықша жаратылысын, өзгелерге ұқсамайтын дара бітімін куәландыратын шындық ретінде алынады. Көптің бірі атқара алмайтын істі туысынан тотем бабалар, аруақтар, пірлер назарында жүрген батырлар ғана атқара алады» [4,230-б.] деп жазады. Анасы батырға жүкті болғанда, белгілі бір аңның етіне, жүрегіне, басына т.б. жерік болады да, ол аңды табу қиындықпен іске асады. Халық ұғымындағы жеріктікке қатысты түсінік батырды даралаудың бір амалы ретінде қолданылған. Жеріктіктің сипаты тым әсіреленіп әңгімеленуі батырлық жырдың жанрлық ерекшелігін белгілейді.

Ал батырдың санаға сыймайтын жылдамдықпен, қысқа уақыт ішінде ер жетіп, есейіп, ерте жорыққа аттануының суреттелуі жыр қаһарманының ерекше күш иесі екендігін арнайы білдіріп, батырлығын мүмкіндігінше дәріптеудің белгісі. «Қарабек батыр» жырындағы ханның баласын - Қарабекті он жасқа келгенше ел көзінен жасырып өсіргендігі белгілі. Бұл біріншіден, әбден ұл баланың зары өткендіктен жасалған әрекет десек, екіншіден, халқы-

мыздың батыр болғалы тұрған ерекше баланы жұрттың көзіне көрсетпей, тасада бағып - қағатын әдетінің эпосағы көрінісі деуге болады.

Көрген адам тоймайды,

Жас баланың түсіне.

Алтын бесік сықырлар

Шіренгенде күшіне.

Тимесін деп көз бен тіл,

Көрсетпейді кісіге [9, 234-б.].

Біз ол әдетті жырдың жанрлық ерекшелігін танытатын белгі деп білеміз. Оның батырлық жырда ғана көрініс табуына қарағанда және болашақ батырдың қасиетіне ғана байланысты болуы оның осы жанрмен біте қайнасқан ерекшеліктерін көрсетеді. Белгілі фольклортанушы Б.Әзібаева қаһармандық эпостардың сипатына тоқтала келіп: «Халық ұғымында қаһармандық – туған жерді қорғау, басқыншы жауға тойтарыс беру идеясымен байланыстырылады, Яғни патриоттық тақырыппен сабақтас... Расында да, қазақтың қаһармандық эпосының негізгі мазмұнын басқыншы жауға қарсы күрес, ел мен жердің тұтастығы тақырыбы құрайды. Халқымыздың рухын көтеріп, даңқын аспандатқан қаһармандық эпостарымыздың классикалық үлгілерінде бұл тақырыптар жанжақты ашылып, көркемдік - эстетикалық тұрғысынан шырқау биікке көтерілген» [12, 5-б.] дейді. Батырлық жырлары өзінің көркемдік қасиетінің арқасында негізгі идеясы мен мазмұнын тыңдаушыға әсерлі жеткізе біледі. Оған халықтық ұғымдар мен наным - сенім түрлерінің қосқан үлесі мол екені даусыз.

Әдебиеттер:

1. Манас: документтердин жыйнағы. Түз.: А.Акматалиев, А. Исаев, М.Колбаева, Р.Сырдыбаева, П.Абдыбаева, Ж.Өмүралиева, Ж.Тойчубек кызы. - Б., 2020. - 1260 с.
2. Қасқабасов С. Елзерде: Әр жылғы зерттеулер. – Ал., 2008.
3. Пропп В.Я. Фольклор и действительность. - М., 1976.
4. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. Алматы: Ғылым, 1993. - 296.
5. Әзібаева Б.У., Қазақ эпосының сюжеттері - Сюжеты казахского эпоса: монография. / Әзібаева Б.У. Алматы: «Sersive Press», 2014. - 576 б. – Қазақша, орысша.
6. Батырлар жыры. 1-т.- Алматы: Жазушы, 2006. - 256 б. 118.
7. Батырлар жыры Жауапты шығарушы Ж.Әбішев. - Т.3: 1987. - 304.
8. Батырлар жыры. 2-том. - Алматы: Жазушы, 2006. - 280 б.
9. Қыдырәлі Сағтаров (құраст). Рухани мұра. 3-том Қаратаудың арқалы сері жырауы Болатбек Ердәуітұлы. - Алматы: Жазушы, 2007. - 496 б.
10. Нұрмағамбетова О. Қазақтың қаһармандық эпосы «Қобыланды батыр». Алматы: Дешті Қыпшақ, 2003. – 480 бет.
11. Қазақ фольклорының типологиясы. Алматы: Қазақ ССР - інің «Ғылым» баспасы, 1981.- 308 б.
12. Әзібаева Б. Қазақ дастандары / Бакытжан Әзібаева. - Алматы: «Баспалар үйі» акционерлік қоғамы, 2009. - 288 бет.